

ӘОЖ316.77.070

А.Ә.Құрманбаева

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Әлеуметтік журналистика. Дәстүрлі медиадағы экологияның көрінісі

Журналист ақпарат беруде тек хабарлап, баяндап берумен шектелмейді, ол сонымен бірге насихат та жүргізе алатын мықты тұлға болып табылады.

Түйін сөздер: цензура, экология, отаршылдық, идеология, өнер.

A. Kurmanbaeva

Social journalism. Traditional medias spectacle of ecology

The last name reporting Journalist on gives information, is not limited reporting to give, she that together and propaganda lead strong by the means of propaganda.

Keywords: censorship, ecology, kolonizatorstvo, ideology, art.

А.А.Құрманбаева

Социальная журналистика. Обзор темы экологии в традиционных медиа

Журналистам необходимо помнить, что любая информация, транслирующаяся по каналам СМИ, способна превращаться в пропаганду и решать политические задачи.

Ключевые слова: цензура, экология, колонизаторство, идеология, искусство.

Кіріспе

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өткен Индустрияландыру күніне арналған телекөпір барысында сөйлеген сөзінде «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасының 18-ші тапсырмасында «Отандық БАҚ-тарды жаңғырту жоспарын әзірлесін». «Мен еңбек адамына, өз ісінің білгіріне арналған әлеуметтік бағыттағы отандық мәдени өнімдер (кино, кітаптар, театр қойылымдары, телебағдарламалар) үлесінің жеткіліксіз екендігіне шығармашылық интеллигенцияның назарын айрықша аударғым келеді» – деген болатын.

Әлеуметтік негіздердің ішіндегі маңыздылығын бірі – журналистика. Журналистика саласынсыз өмірді көзге елестете алу мүмкін емес. Журналист – барлық уақытта қоғам өміріне етене араласып ақпарат таратумен, ұсыныстар айту-

мен, ортаға ой тастаумен қоғамға зор қозғау салушы маман иелері. Әсіресе, саяси-экономикалық бағытта, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерде, экология, спорт т.б. көптеген салаларда жан-жақты көрсетіп отыратын еңбек қызметкерлері. Журналистика қоғамның әлеуметтік институты болып саналады. Адам рухани ой-өрісін көтеруге, санасезіміне жаңадан құбылыстар енізуге ықпал етеді. Журналист ақпарат беруде тек хабарлап, баяндап берумен шектелмейді, ол сонымен бірге насихат та жүргізе алатын мықты насихат құралы. Осы жерде қазақ журналистерінің экология тақырыбын да назардан тыс қалдырмай әр уақыт проблемалық мақала көтеріп жүретіндіктерін тілге тиек етелік.

Медиа формасының бір түрі

«Медиа» сөзі латынның medium, яғни «орта, аралық» дегенінен шығады. Медиа қоғамда бо-

лып жатқан нәрселерден құлағдар етіп отыратын ақпараттық кеңістік. Ал қоғам бар жерде мәлімет алатын, оны тарататын орын бар.

Интернет өмірге келісімен жаңа медиа-технология ақпарат таратудың озық үлгідегі мүмкіндіктерін ашты. Журналистер әлеуметтік желі көмегімен ақпарат алмасудың түрлі жолдарын меңгеріп алды. Оған қоса интернет саласының бір түрі блогшылар өмірге келді. Блогшылардың ақпарат тарату, алмасу аясында өз орындары бар. Тез әрі жедел ақпарат. Десекте, блогшылар кәсіби журналистикамен бәсекелесе алмайды. Әлеуметтік желіде ақпарат таратудың жақсы және жаман жақтары да бар. Тоқтала кететін болсақ:

Жақсы жақтары:

Блог ашу оңай, хостинг және үшінші дәрежелі домен тегін беріледі.

Блогтың көп функциясың қосуға болады: комментарий, дауыс беру, блог жазбаларына жазылу және т.б.

Блогты толық ашу және оны дамыту оңай.

Өз доменінді қосуға болады.

HTML тілінің негізін білсең болды.

Блог ашқанда бірнеше дизайн түрлері беріледі және т.б.

Нашар жақтары:

Астында шаблон жарнамасы міндетті тұрады.

Бастапқы HTML тілің меңгеру қажет.

Автоматты блог мәзірі жоқ, бірақ өзін жазуға болады т.б.

Танымал журналистердің жеке блогтарына көп адамның қызығушылық туғызатыны сөзсіз. Бүгінгі күні телеарналарда немесе газеттерде шығатын материалдар медиакеңістікте орын тауып жатыр. Және әрбір оқырман медиакеңістікте жарияланған материалдарға өз ойларын қосу арқылы ол жазылымның өмірін ұзартып отырады.

Жаңа медианың өмірлі келуі заңды құбылыс. Дегенмен де, әлеуметтік медиа дәстүрлі медиаға серпінсіз берген сынайлы. Ақпарат берудің жаңа формалары өмірден орындарын тауып, шынайылық негізгі қадида болып отыр.

Дәстүрлі медиадағы экологияның көрінісі

«Егемен Қазақстан» газетінде (2009, 3 ақпан), «Қоршаған ортаға көзқарас қандай?» [1] деген мақала шықты. Соңғы кездері ақпарат әлемінде экологияға қатысты мақалаларға осы тәріздес «екпінді тақырыптар» қойылғаны мен

олар жоғарыда тырнақшаға алынған дәйексөздер ішіндегі «қалалардың тазалығын сақтау мен су проблемасын шешу» секілді ауыл-аймақтың шаруалармен шектеліп қалатынды әдетке айналдырып келе жатқандай. Алайда, экология – әлемдік, күллі планетаны шарпып келе жатқан індет. Оның үлкен ошақтары Қазақстанда да жетерлік. Мысалы: Семей полигонының тастап кеткен, әлі талай жылдарға созылатын «індет көздері, 70-80 жылдың ішінде ұшан теңізді сарқылтқан Арал апаты, әлі күнге дейін Ресей тайраңдап, тірі жанды қырып-жоюға бағытталған қару-жарақтарды сынау алаңы – Нарын құмы. Бұларға Солтүстік көршілеріміз, бетон аландарынан көтерілгенде, Қызылорда ғана емес, Қарағанды, Ақтөбе облыстар бір «қопандатып» қоятын 39 алып зымыран жасырмай, айғайлап жар салып отырған Байқоңыр кешенін қосыңыз... Әлі көше арасындағы лас-қоқысты әңгіме қылғанша...

«Қызылорда облысы экологиялық апат аймағы болып саналатындықтан, бұл аймақ тұрғындарының денсаулығын сақтау мәселелері, әрине, ерекше аударуды қажет етеді» [2], – дей келе, Мәжіліс депутаты М.Әбенев, мақаланы тақырыбы айтып тұрғандай, «Арал теңізі және балық шаруашылығы» проблемасына көшіп кетеді... Осы ма планетамызға төніп тұрған қауіп?! Бұлар экологиялық, оны ел құлағына жеткізуді міндетті жүктелетін экопублицистиканың міндетіне жүктеледі. Бүгінгі таңға дейін тарихы да, теориясы да түгелдей қарастырылмай келе жатқан сала осы десек, артық айтпаған болармыз. Біле-білсек, күллі планетаға төніп тұрған бірден-бір қауып – тап осы. Экономика тағы да басқа дағдарыстар бұған қарағанда, өткінші нәрсе санар едік. Сондықтан да Президентіміздің «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиясы» санатына «барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, экологиялық органы жақсарту проблемаларын қосқаны белгілі.

Ал, кейбіреулердің ұйғарымынша, аталмыш мәселе таяу арада ғана көтеріліп отырғандай көрінер. Алайда олай емес. Сонау 1892 жылдың өзінде «Дала уалаяты газетінің» тұғастай 10 санында «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» тақырыпты көлемді публицистика жарияланғаны белгілі. «Экология» терминін жұрт біліп жарытпаса да, сол проблемалық очеркте аталмыш табиғатқа жанашырлық білдірген пікірлер кеңінен қозғалған-ды...

Ал, содан бері кему емес, еселеп өсу

үстіндегі сол «көңілсіз бүгінгіміз бен қауіпті де түңілерлік келешегімізді» сезе, көре білген қалам иелері қазір бұрынғыдан бетер тынымсыз дабыл көтеруде. Мәселен: ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Экология академиясының толық мүшесі Шәкей Жарасов: «Біздің өміртіршілігімізде айнала қоршаған ортамызды таза ұстау мәселесіндегі олқылықтар жойылудың орнына, үдеп бара жатыр, – деп жазған. Бір қынжыларлығы сол – мұндай олқылықтарды жоюға нақты шара қолданбаушылық белең алған» [3]. Бұл жерде ғалымның «сыпайылық танытып», өте күрделі мәселені «олқылық» деп атауын солқылдақтық деп ұғу қажет.

Экопублицистиканы поэтика дәрежесінде қарастыруда бұрынғы және қазіргі бізге белгілі шет ел оқымыстыларының кейбір зерделі ойлары мен қисындары елеулі қолғабыс тигізеді. Солардың арасынан канадалық журналист Лидия Доттоның «Жер планетасына қауіп төнуде» (1988), неміс жазушысы Гельмут Хефлингтің «2000-ші жылғы үрей» (1990), академик Н.Моисеевтің «Адам және ноосфера» (1990), эколог-экономист М.Лемешевтің «Табиғат және біз» (1989), Е. Мәмбетқазиев пен К.Сыбанбековтің «Табиғатты қорғау» (1990), Қазақстан халықтық «Экология» академиясының президенті С.Тілеубергеновтің «Адам экологиясы. (Әлеуметтік-экономикалық, медициналық және радиоэкологиялық аспектілері)» (1993), «Нооэкология» (1996) және басқа авторлармен біріккен, екі томдық «Қазақстан полигондары» (1996) атты ғылыми-зерттеу еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар тақырыбымызды нақтылай ашу үшін жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары А. Бродскийдің «Жалпы экологияның қысқаша курсы» (1998), Г.В. Стадницкий мен А.И. Родионовтың «Экология» және Н.М. Чернова мен А.М. Былованың «Экология» (екеуі де – 1988), Т.А. Беневоленскаяның «Қазіргі публицистикадағы экология проблемалары» (1982) арнайы курс үшін оқу-әдістемелік құралы, Қазақстан География қоғамының 3-құрылтайында жасалған баяндамалардан тұратын «Қазақстанның экологиялық проблемалары» ұжымдық жинақ (1990), Л. Ахметованың «Экология және журналистика» (1993) оқу-әдістемелік бағдарламасы қазіргі халжағдайымыздан біршама мәлімет береді.

Осы экология проблемасына қатысты тек қана қазақ экологиятану ғылымында теориялық

қисындар келтіріп жатқан ізденушілер байқалмайды. Аталмыш тақырып жөнінде жалпылама жазып жүргендер баршылық. Олардың ішінде көбіне-көп белсенділік байқатып жүргендер – Жазушылар одағының мүшесі, бір кездегі мәжіліс депутаты Энгельс Ғаббасов. Оның негізгі қозғап жүрген мәселесі – Қазақстанның батыс аймағындағы қару-жарақ және биологиялық зиянды заттарды сынаудың қатерлі де кеселді әрекеттерін жария ету. Ал өзі өнертапқыш, бірақ табиғат тағдыры үнемі мазалаған журналист-инженер Сейілбек Қышқашев республика төңірегіне атом электр станцияларын салу мен Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшатын ғарыш кемелерінің зымыран-жеткізгіштерінің айнала қоршаған ортаға тигізер қыруар залалдарын жазумен келді. Үшінші бір автор – Арал тұрғыны, гидроинженер Хамза Суханбердин – өзінің «туған теңізінің» тағдырын, оның қазіргі мүшкіл халін әлемге танытуды алдына мақсат етіп алған. Ал республикалық экологиялық «Атамекен» газетінің бас редакторы, белгілі журналист Жолдығали Бакытов болса, экологияның кез-келген көрінісі жөнінде проблемалық мәселелерді көтере алады.

Бір жағынан, аталмыш авторлардың экология проблемасын баспасөз беттерінде қалың оқырман қауымға түсінікті тілде, жүйелі түрде жеткізе алатындығы сөзімізге дәлел болса, екінші жағынан, олардағы ортақ бір кемшілік – барлық уақытта дерлік тек қана болған уақиғаны, көз алдындағы фактіні қаз-қалпында келтірумен ғана шектеледі. Оларды теориялық тұрғыдан дәйектеу байқалмайды. Бүгінгі таңда мандайалды тақырыпқа айналған экологияның баспасөзде жазылу шарттарын саралайтын теориялық еңбектер мүлде жоқ екенін қынжыла мойындауға тура келеді.

Жоғарыда айтқандай, ғылыми басылымдарда экологияның тек қана практикалық күнделікті шаралары қозғалған. Бүгінге дейін экопублицистикатану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстардың арасынан «экология тақырыбының теориялық ерекшеліктері» дегендей мәселе көтерілмеген. Әсіресе, экология тақырыбын түбегейлі зерттеу мүмкіндігі туғаны; көтерілген мәселелерге сәйкес ғылыми негіздемелерге қоса, публицистикаға қатысты мақалаларды, соңғы деректерді салыстыра талдау; проблемалық не публицистік жарияланымдар мен ғылыми-танымдық экологиялық материалдардың ара жігін ашып көрсету...

Осы жағдай тұрғысында америкалық оқымысты-жазушы-эколог Р.Риклефс өзінің «Жалпы экология негіздері» атты кітабында: «Экологияның танымал сөзге айналғаны соншалық, оны не болса, соған – тазарту ғимараттарын салуға, жерді пайдалануды аймақтық деңгейде жоспарлауға, қағазды қайта өңдеуге және көкөністерді тек органикалық тыңайтқыштарды қолдана отырып өсіруге айдар етіп таға салатын болды, – деп налиды. Сосын өзінің токетер дәйектемесін былай түйіндейді. – Егер біз табиғатпен қандай да бір пәтуаға келгіміз келсе, онда көбіне-көп ол ұсынған шарттарды қабылдауымызға тура келеді[4].

Автор осы дәйексөзінде қарастырылып отырған проблеманың сан салалы екендігіне жұртшылық назарын аударумен қатар, соңғы сөйлемінде күллі Табиғат, Жаратылысқа өктемшілік көрсетіп, оның бұлжымас заңдылықтарынан адамзат талаптарын, қомағайлығын, жалпы эгоизм танытпауын қайта-қайта еске салады.

Біз осы «экопублицистика» терминін тек қана табиғатқа қаратып, бұрып алып жүрміз. Бұлар, әлгінде айтқандай, адамзат қауымының өткен тарихи-биологиялық өмір жолынан қалған жағымсыз зардаптар болса керек. Бірақ бір байқайтын нәрсе – сол зардаптар әсіресе өткен ғасырда, күллі планетаға кереметтей терең де көлемді залалын тигізіп, зор қауіп төндіре алатын қатерге айнала бергенін байқаймыз.

Оның үстіне, аталмыш пікірді академик С.Тілеубергенов: «Табиғат күштерін Адамзат игілігіне пайдалану үшін игеруге күмән келтіруге болмас. Ол қайта – қажетті. Алайда, бұл жерде «игеру» сөзі «коэволюция» («әлемдік эволюциялық процесс» мағынасының термині) атауымен алмастырылуы тиіс... Коэволюцияның

ұлы принципі – Адам мен Табиғаттың бірлесіп, үндестікпен даму принципі. Табиғат стратегиясы мен қоғам дамуы стратегиясының үйлесімділік принципі» [5], – деп қолдайды.

Ғалымдардың құпия да тиісті орындарға мәлімдеулеріне, ашық дабыл қағуларына қарағанда, Жер бетіндегі электр қуатын өндіру мен тұтыну, шамамен алғанда, енді 100 есе артатын болса (ал, мұның өзі таяудағы келешекте әбден мүмкін), онда климаттың келеңсіз өзгерісін тоқтатуға мүмкіндік болмайды...

Бұл адамға, жерге жасалған жантүршігерлік эксперименттің басқа да түрлерін өзінің публицистикалық мақаласында академик С.Тілеубергенов былай деп көрсетеді. Қазақстанның кең-байтақ даласы қырық жыл бойы тек сынақ полигоны және уран кенін өндіретін орталықтар болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, ядролық технологияның алуан түрлі зиянды қалдықтары көмілген сұмдық зиратқа да айналғанын, сөйтіп, республика аумағы бірте-бірте баяу жарылатын ядролық бомбаның ең барып тұрған зұлымдыққа толы көмбесі қызметін атқарғанынан да мағұлмат аламыз. Автордың айтуынша, бұл жағдай, тұтас бір аймақтың биосферасы мен ноосферасын толық жойып жіберуге әбден жеткілікті және ол республикадан тыс, басқа аумақтарға да зардабын тигізетіні ақиқат көрінеді.

Экология мәселелерін қазақ газеттерінің барлығы да қозғаған болады. Алайда, олардың көбісі аталмыш проблемаға жиі, сапалы түрде үлес қоса қоймаған. Алайда күллі планетаға қатысты экопублицистиканың поэтикасын жан-жақты қарастырып, дәйектеу уақыт күттірмейтін жай деп білеміз. Бұл – экопублицистиканың мұны.

Әдебиеттер

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті. – 2009. – 3 ақпан.
- 2 «Егемен Қазақстан» газеті. – 2009. – 9 қаңтар.
- 3 Жарасов Ш. Жұтар ауа, ішер ас, басар жерің, хал нешік? // Қазақ әдебиеті. – 2000, 26 мамыр.
- 4 Риклефс Р. Основы общей экологии. – М.: Высшая школа, 1979. – С. 6-7.
- 5 Тлеубергенов С. Нооэкология. – Алматы: Ғылым, 1996. – С.96. – 116-б.

References

- 1 Egemen Kazakhstan. – 2009-03.02
- 2 Egemen Kazakhstan. – 2009-09.01
- 3 Qazag adebieti. – 2000-26.05. Zharasov Zh. Zhytar aua, izhser as, basar zherin, hal nezhsik?
- 4 Riklifs R. Osnovi obzhei ecologi. – М.: Vizshaiy shkola. – 1979. s.6-7.
- 5 Tleubergenob C. Nooecologya. – А.: Gilim. – 1996. s.96 /s.-116/